



БҰЙРЫҚ

16.03.2020.

Өскемен қаласы

ПРИКАЗ

№ 153

№

город Усть-Каменогорск

Жарамсыз белгілері бар мәмлелер бойынша материалдарды сотқа дейін қарау жөніндегі Келістіруші комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің 2020 жылғы 06 наурыздағы кеңесінің Хаттамалық тапсырмасының 1.2-тармағын орындау үшін, кәсіпкерлік субъектілері мен Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қатысуымен соттағы істің қаралуын азайту мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1- қосымшаға сәйкес құрамда Жарамсыз белгілері бар мәмлелер бойынша материалдарды сотқа дейін қарау жөнінде тұрақты әрекеттегі келістіруші комиссия құрылсын.
2. 2- қосымшаға сәйкес құрамда Жарамсыз белгілері бар мәмлелер бойынша материалдарды сотқа дейін қарау жөнінде келістіруші комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. 3- қосымшаға сәйкес салық құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізуді ұсынуға салық төлеушінің жазбаша рұқсатының нысаны бекітілсін.
4. Заң басқармасына (О.Ю.Лезгиева) осы бұйрықты Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мен аумақтық мемлекеттік кірістер басқармалары және «Атамекен» ҰКП Шығыс Қазақстан облысының Кәсіпкерлер палатасы басшыларының назарына жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өз міндетіме қалдырамын.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы

С. Бимағамбетов

С. Бимағамбетов



049222

**Жарамсыз белгілері бар мәмлелер бойынша
материалдарды сотқа дейін қарау жөніндегі
Келістіруші комиссия құрамы**

Комиссия төрағасы

Татубаев Е.М. - Департамент басшысының орынбасары

Комиссия мүшелері

Г.А. Беркугова - Департаменттің Камералдық мониторинг басқармасының басшысы

Б.С. Ильдыбаева—Департаменттің Талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы

Д.Б. Кабдуалиев—Департаменттің Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы

О.Ю. Лезгиева—Департаменттің Заң басқармасының басшысы

Е.Ж. Алимбакиров— Департаменттің Аудит басқармасының САЭБ бөлімінің басшысы

Б.Б. Майжеринов— «Атамекен» ҰКП ШҚО Кәсіпкерлер палатасының тұтынушылардың құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бойынша бөлім бастығы.

Шақырылғандар:

аумақтық мемлекеттік кірістер басқармаларының өкілдері (келісім бойынша) кәсіпкерлік субъектілерінің лауазымды тұлғалары- азаматтық-құқықтық мәмлелердің қатысушылары

Комиссия хатшысы: Комиссия қарауына материалдарды шығаруға бастамашылық жасаған басқарманың лауазымды тұлғасы